




Г.Д. Кошикбаева¹ , Б.К. Еликбаев¹ , А.О. Ыбырайым^{1*} 
¹М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Қазақстан, Шымкент қ.
*e-mail: azimchan23@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТУРА ЖӘНЕ ЖАНАМА СҰРАУ МӘНДІ СӨЙЛЕУ АКТІЛЕРІНІҢ ПЕРЛОКУТИВТІ ПРАГМАТИКАСЫ

Аңдатпа. Мақалада тіл біліміндегі *тура және жанама коммуникация* категориялары ұғымдарына, жанама сұрау мәнді сөйлеу актілерінің түрлері мен ерекшеліктеріне талдау жасалып, қазақ тіліндегі тура және жанама сұрау мәнді сөйлеу актілерінің перлокутивтік прагматикасы айқындалды. Атап айтсақ: сұраулы сөйлемдердің тура мағынасы *жауап алу* болса, жанама сұрақтар *сытайыгершілік сақтау, сұрауды жанамаалап жеткізу, сұрауды астарлап қою, сұрауды күдік мәнде қою, сұрауды ым-ишарат арқылы жеткізу, баға беру, реніш, қапа болу, бетке басу* сияқты қызметте жұмсалады. Тура сұрау мәнді сөйлеу актісінде иллокутивті әсер сөйленімді құрайтын тілдік құралдардың лингвистикалық мағынасы арқылы білдірілсе, жанама сұрау мәнді сөйлеу актілерінің перлокутивтік прагматикасы тілдік бірліктердің ауыспалы мағынада қолданылуына, сөйлеуші мен тыңдаушының аялық білімі және қарым-қатынас шарттарына байланысты болады. Сонымен қатар жанама сұрау мәнді сөйлеу актісі тілдің көркемдік әлеуетін күшейтіп, әртүрлі мағыналық реңктерді білдіруге мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында құрылымдық грамматиканың «тұлғадан мағынаға қарай», функционалды грамматиканың «мағынадан тұлғаға қарай» зерттеу, құрылымдық-семантикалық сипаттау, функционалды-семантикалық және мәнмәтіндік талдау, дифференциациялау және гипотетикалық түсіндіру әдістері қолданылды.

Зерттеу барысында алынған ғылыми тұжырымдарға тіл біліміндегі құрылымдық, коммуникативтік, функционалды грамматика және прагматикалық лингвистика салалары бойынша жазылған еңбектер ғылыми-теориялық негіз болды. Сонымен қатар әртүрлі дереккөздерден (ауызекі сөйлеу тілі, ақын-жазушылардың еңбектері) келтірілген тілдік мысалдар мақалада ұсынылған ғылыми-практикалық қорытындыларды дәйектеуге септігін тигізді.

Түйін сөздер: тура және жанама мағына, сұрау мәнді сөйлеу актісі, перлокутивті прагматика, құрылымдық және функционалды грамматика, прагмалингвистика.

Г.Д. Кошикбаева¹, Б.К. Еликбаев¹, А.О. Ыбырайым^{1*}
¹Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Казахстан, г. Шымкент
*e-mail: azimchan23@mail.ru

ПЕРЛОКУТИВНАЯ ПРАГМАТИКА ПРЯМЫХ И КОСВЕННЫХ ВОПРОСИТЕЛЬНЫХ РЕЧЕВЫХ АКТОВ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

Аннотация. В статье проведен анализ понятий категорий *прямой и косвенной коммуникации* в языкознании, видов и особенностей косвенных вопросительных речевых актов, выявлена перлокутивная прагматика прямых и косвенных вопросительных речевых актов в казахском языке. А именно: если прямое значение вопросительных предложений – это *получение ответа*, то косвенные вопросы используются в таких функциях, как *проявление вежливости, косвенная постановка вопроса, подчеркивание запроса, постановка вопроса в подозрительном выражении, передача запроса жестами, оценка, обида, огорчение*. В прямом вопросительном речевом акте иллокутивный эффект выражается через лингвистическое значение языковых средств, составляющих речь, в то время как перлокутивная прагматика косвенных вопросительных речевых актов зависит от использования языковых единиц в переносном смысле, от фоновых знаний говорящего и слушателя и условий общения. В то же время косвенный вопросительный речевой акт усиливает художественный потенциал языка и позволяет выражать различные смысловые оттенки.

В исследовании использовались методы структурной грамматики «от формы к значению», функциональной грамматики «от значения к форме», структурно-семантического описания, функционально-семантического и контекстуального анализа, дифференциации и гипотетической интерпретации.

Научно-теоретической основой научных выводов, полученных в ходе исследования, послужили труды по структурной, коммуникативной, функциональной грамматике и прагматической лингвистике в языкознании. Кроме того, приведенные языковые примеры из различных источников (разговорная речь, труды поэтов и писателей) способствовали аргументации научно-практических выводов, представленных в статье.

Ключевые слова: прямое и косвенное значение, вопросительный речевой акт, перлокутивная прагматика, структурно-функциональная грамматика, прагмалингвистика.

G.D. Koshikbayeva¹, B.K. Yelikbayev¹, A.O. Ybyrayim^{1*}

¹M. Auezov South Kazakhstan University, Kazakhstan, Shymkent

*e-mail: azimchan23@mail.ru

PERLOCATIVE PRAGMATICS OF DIRECT AND INDIRECT INTERROGATIVE SPEECH ACTS IN THE KAZAKH LANGUAGE

Abstract. The article analyzes the concepts of categories of *direct* and *indirect* communication in linguistics, types and features of indirect interrogative speech acts, reveals the perlocutive pragmatics of direct and indirect interrogative speech acts in the Kazakh language. Namely: if the direct meaning of interrogative sentences is getting an *answer*, then indirect questions are used in such functions as *showing politeness, indirect posing a question, emphasizing a request, posing a question in a suspicious expression, transmitting a request with gestures, evaluation, resentment, chagrin*. In a direct interrogative speech act, the illocutionary effect is expressed through the linguistic meaning of the linguistic means that make up speech, while the perlocutionary pragmatics of indirect interrogative speech acts depends on the use of language units in a figurative sense, on the background knowledge of the speaker and listener and the conditions of communication. At the same time, an indirect interrogative speech act enhances the artistic potential of the language and allows expressing various semantic shades.

The study used methods of structural grammar «from form to meaning», functional grammar «from meaning to form», structural-semantic description, functional-semantic and contextual analysis, differentiation and hypothetical interpretation.

The scientific and theoretical basis of the scientific conclusions obtained in the course of the study were the works on structural, communicative, functional grammar and pragmatic linguistics in linguistics. In addition, the given language examples from various sources (colloquial speech, works of poets and writers) contributed to the argumentation of scientific and practical conclusions presented in the article.

Keywords: direct and indirect meaning, interrogative speech act, perlocative pragmatics, structural and functional grammar, pragmalinguistics

Кіріспе

Тіл білімінде «тура» және «жанама» категорияларының қарама-қарсы қойылу үрдісі, мысалы, лексикада *тура* және *ауыспалы мағына*, морфологияда *тура* және *жанама септіктер*, синтаксисте *тура* және *жанама толықтауыш*, ал прагмалингвистикада *тура* және *жанама сөйлеу актілері* сияқты құбылыстарды қарама-қарсы қою арқылы зерттеліп келеді. Өйткені кез келген сөйлемнің коммуникативтік мазмұны екіжақты болады: бір жағынан, бұл – сөйлемнің синтаксистік формаға сәйкес келетін коммуникативтік мазмұны, екінші жағынан, сөйлеу актісінің сөйленімде білдірілетін ықтимал мазмұны.

Қазақ тіл білімінде құрылымдық грамматика саласында сұраулы сөйлемдер зерттеу нысаны болып келеді. Алайда мұндай еңбектерде сұраулы сөйлемдерді құрылысына қарай зерделеу баса назарға алынғанымен, олардың мәнмәтіндегі семантикалық мағынасы және прагматикалық қызметі арнайы зерттеу нысаны болмағанын атап өтуіміз керек. Осы ретте қазіргі антропоөзектік ғылыми парадигмада тілдік бірліктерді оны қолданушы коммуниканттардың аялық білімімен, мақсат-ниеттерімен және т.б. экстралингвистикалық факторлармен байланысты зерделеуді қажет етеді. Осы ретте мақалада жалпы және қазақ тіл біліміндегі құрылымдық, функционалды, коммуникативті грамматика және прагмалингвистика салаларына қатысты теориялық зерттеулерді басшылыққа ала отырып, қазақ тілінің тілдік деректеріне талдау арқылы тура және жанама мағыналы сұрау мәнді сөйленімдерді анықтау және олардың перлокутивтік прагматикасын айқындау мақсаты көзделді. Осыған байланысты тілдік тура және жанама мағыналы сұрау мәнді сөйлеу актісін функционалды-коммуникативтік грамматика және прагмалингвистика салаларының нысаны ретінде қарастыру ғылыми-теориялық және практикалық тұрғыдан өзекті мәселе деп санаймыз. Сондықтан мұндай зерттеу тілдік бірліктердің коммуникативтік және прагматикалық қызметін тереңдей аша түсуге мүмкіндік береді, сондай-ақ қазақ тілін оқыту ісіне әдістемелік тұрғыдан септігін тигізе алады деп санаймыз.

Материал және әдістер

Мақаланың негізгі мақсатына қол жеткізуге, яғни сұраулы сөйлемдердің тура және жанама мағынасын, перлокутивтік прагматикасын анықтауға тіл біліміндегі құрылымдық, коммуникативтік, функционалды грамматика және прагматикалық лингвистика салалары

бойынша жазылған еңбектер ғылыми-теориялық негіз болды. Сонымен қатар әртүрлі дереккөздерден (ауызекі сөйлеу тілі, ақын-жазушылардың еңбектері) келтірілген тілдік мысалдар мақалада ұсынылған ғылыми-практикалық қорытындыларды дәйектеуге септігін тигізді.

Мақаланы жазу барысы мынадай кезеңдерден тұрды: а) сұрау мәнді сөйлемдердің тура мағынасын айқындау, ә) сұрау мәнді сөйлеу актісінде білдірілетін жанама мағыналарды және олардың себебін (тілдік бірліктердің ауыспалы мағынасы, әртүрлі экстралингвистикалық факторлар) анықтау; б) жанама сұрау мәнді сөйлеу актісін білдіретін сөйленімдердің перлокутивтік прагматикасын айқындау.

Зерттеу барысында сұрау мәнді сөйленімдерді білдіруге қатысатын тілдік бірліктердің мағынасын ашып көрсету үшін құрылымдық грамматиканың «тұлғадан мағынаға қарай», сондай-ақ тура және жанама мағыналы сұрау мәнді сөйленімдерді айқындау үшін функционалды грамматиканың «мағынадан тұлғаға қарай» зерттеу әдістері, сонымен қатар сұраулы сөйленімдерді құрылымдық-семантикалық сипаттау, функционалды-семантикалық талдау, мәнмәтіндік талдау, дифференциациялау және гипотетикалық түсіндіру әдістері қолданылды.

Әдебиетке шолу

Тіл білімінің прагматика саласында сөйленімдердің сөйлеу актісінің жанама мазмұн сөйлеушінің тілдік және тілден тыс жалпы аялық біліміне, сондай-ақ тыңдаушы қабылдай алатын жалпы қисынды пайымдау қабілетіне байланысты болатындығы айтылады (Searle, 1975: 59-82; Davison, 1975: 142-185). Ғалым Дж. Серль жанама сөйлеу актісін былайша түсіндіреді: «Жанама сөйлеу актілеріндегі жанама аспектіні түсіндіруге қажетті ғылыми аппарат сөйлеу қарым-қатынасының ортақ қағидаттары мен сөйлеуші мен тыңдаушының ортақ аялық білімінен, сондай-ақ тыңдаушының ой-тұжырым жасауға қабілеттілігін қамтитын сөйлеу актілері теориясынан тұрады» (Серль, 1986: 195).

Зерттеуші И.А. Стернин сөйленімнің жанама мағынасы *сөйленімнің ықтимал көпмағыналылығына; сөйленім мазмұнын түсінудің әңгімелесушілердің жасына, өмірлік тәжірибесіне, жынысына байланысты болатынын* (Стернин, 2011: 78-93) айтса, В. Дементьев «Жанама коммуникация дегеніміз – сөйленімнің тілдік бірліктер арқылы білдірілген «нағыз» мазмұнымен қатар адресат тарапынан қосымша түсінуді талап ететін күрделенген мазмұнды коммуникация» (Дементьев, 2006: 13), – деген анықтама береді.

Тіл білімінің әртүрлі саласында «жанама коммуникация» ұғымы, мысалы, *имплициттілік* – мәтін мазмұнын беру қағидаттарының бірі; *эвфемизмдер* – стилистикалық құрал; жанама сөйлеу актілері (*Терезені ашып бермес пе екенсіз?*); троптар, мысқыл мағыналы сөздер, эвфемизмдер, окказионалды қолданыстар және т.б. деген атаулармен беріледі (Дементьев, 2006: 15). Бұдан шығатын тұжырым: «жанама коммуникация» категориясы эмбебап категория және тілдің қолданылуы мен дамуының қажетті шарты болып табылады.

Сонымен қатар риторика, стилистика, көркем әдебиет және т.б. салаларға қатысты зерттеулерде жанама коммуникацияның мынадай түрлері аталады: *аллюзия/тұспал, астарлау, сөз құбылту, метафора, бүкпе мән* (подтекст) (Арнольд, 1983; Барт, 1975; Брехт, 1965; Вайнрих, 1987; Ермакова, 2003; Камчатнов, 1988; Мукаржовский, 1967; Мыркин, 1976; Сильман, 1969; Станиславский, 1955; Шкловский, 1974; Варзонин, 1994; Минский, 1988; Мурзин, Походня, 1989; Прокофьев, 1988; Серль, 1990; Штерн, 1991; Skalička, 1961; Groeben, 1986; Leech, 1983; Littman, Mey 1991; Muecke, 1982; Stempel, 1976).

Тіл біліміндегі прагматика саласының негізін салушы Дж. Остин «бір сөйлеу актісінде (ол тура немесе жанама болсын) бір ғана иллокутивті қызмет болады, әйтпесе әңгімелесушілердің бірін-бірі түсінуі мүмкін болмайды» деген тұжырым жасаса (Austin, 1962: 62), Дж. Серль (Серль, 1986), Д. Вундерлих (Wunderlich, 1976), Г.Г. Почепцов (Почепцов, 2001) сөйленімде, әсіресе жанама сөйлеу актілерінде бірден екі иллокуцияның іске асу мүмкіндігін айтады: хабарлы директивтерде растау және бұйрық; сұраулы сөйлемдерде негізгі иллокуция – (1) пайымдау және қосымша иллокуция – (2) өтіну иллокуциялары болады.

Жанама сөйлеу актілерін кешенді зерттеу барысында тілдік құбылыстар қарым-қатынас жағдаятымен, коммуниканттардың сөйлеу қызметімен байланысты зерделенеді. Мысалы,

Г.Почепцов жанама сөйлеу актісін тілдік бірлікті оның негізгі мағынасынан басқа мазмұнда түрлендіріп жұмсау ретінде қарастырса (Почепцов, 1986: 75), Р. Конрад «жанама сөйлеу актілері деп нақты сөйлеу актілерін емес, ықтимал, яғни ойдағы сөйлеу актісін» түсіндіреді (Конрад, 1986: 346). Осыған байланысты сөйлемдердің құрылымы прагматикалық тұрғыда былайша түрлендіріледі: құрылымдық белгілері бойынша белгілі бір прагматикалық типтің бірлігі болып табылатын сөйлем сөйлеуде екінші бір прагматикалық типтің иллюкутивті күшіне ие болады.

Прагмалингвистикалық зерттеулерде «жанама иллюкутивті акті» ұғымы алғашқыда «асимметрия» категориясымен байланысты қарастырылды (Гак, 1998: 512). Мысалы, жанама сөйлеу актілері жағдайларын былайша бөлуге болады: (1) омонимия – *Сағат неше болғанын айтасыз ба?* деген сөйленім уақытты сұрау ретінде, прагматикалық тұрғыда танысуға ұмтылу және т.б.; (2) синонимия – *Сағаттың неше болғанын айтып жібермейсіз бе?* деген сөйленім уақытты сұрау ретінде, прагматикалық тұрғыда танысуға ұмтылу және т.б. мағынаны білдіреді.

Прагмалингвистиканың қазіргі даму кезеңінде жанама сұрау актілерінің мынадай түрлері аталады: *прохибитивтер, аппликативтер, директивтер, императивтер, каузативтер, эзортивтер, декларативтер* (Гальперин, 2008: 68).

Жанама сөйлеу актісі – тілдік бірліктердің ауыспалы мағынада қолданылуымен байланысты тілдік қатысымда кең таралған құбылыс. Кез келген сөйленімде берілетін ақпарат толықтай эксплицитті түрде көріне бермейді, әрбір нақты мәтіннің мағынасы оны құрайтын мағыналардың «қосындысынан» тұрады. Сөйленімдер жұмсалымда әрқашан бірмағыналы бола бермейді: сөйленімде тұспалдау, мысқыл, метафора және т.б. қоса беріледі. Сөйленімнің сөзбе-сөз мағынасы мен сөйлеушінің белгілі бір жағдайларда айтатын ойының айырмасы болады. Яғни, сөйлеушінің сөйленімі формасы мен прагматикалық мазмұны жағынан түрліше болуы, мысалы, жанама сұрау мәнді сөйлеу актісінде ақпарат сұрау, өтіну, кеңес беру, мақұлдау және т.б. мағыналары білдірілуі мүмкін.

Нәтижелер және талқылау

Тіл білімінде сұраулы сөйлемдерді коммуникативтік қызметіне қарай дәстүрлі жіктеуде тура және жанама мағынаны білдіруі негізге алынып, *негізгі және қосымша қызметтері* бойынша функционалды-семантикалық түрлерге бөлінеді. Мұндай зерттеулерде сұраулы сөйлемдердің негізгі қызметі жауап алуға бағытталса, олардың қосымша қызметі сөйлеушінің әртүрлі мақсатына байланысты болады. Ал сұраулы сөйленімнің жанама қызметі сөйленімде білдірілетін кез келген қосымша қызмет немесе мағына болып табылады (Shehdeh, 2008: 152). Мысалы, *«Пошта бөлімшесі қай жерде екенін көрсетіп жібересіз бе?»* деген сұраулы сөйлемнің тура қызметі – тыңдаушы пошта бөлімшесі қай жерде орналасқанын көрсете ала ма деген сұрау, ал жанама қызметі – ақпарат сұрау (бұл жерде пошта бөлімшесі бар ма?).

Сұраулы сөйлемдердің жанама мағынасының бірі – бұйрық мәнін білдіруі лингвистикалық зерттеулерде қарастырылған. Мысалы, авторлар тура және жанама сұраулы сөйлеу актілерін бөліп көрсетсе (Anscombre, Ducrot, 1983: 15), ғалым Р. Конрад сұрақ және өтініш мағыналары бірге білдірілетін сұраулы сөйлемдерді жанама сұраулы сөйленімдер ретінде қарастырып, оларды *будан сөйлеу актілері* деп атайды (Конрад, 1986: 346). Демек, сұраулы сөйлемдердің коммуникативтік қызметінің белгілерін жинақтай келгенде оларды жанама сөйлеу актісінің іске асыру тәсілінің бірі ретінде қарастыруға болады.

Сөйлеу актісі теориясы тұрғысынан сұраулы сөйленімдер ерекшелігі мынадай болады: жанама сөйлеу актілері ретіндегі сұраулы сөйленімдер сөйлеушінің ниетіне байланысты көптеген прагматикалық мағына білдіреді; жанама сөйлеу актісі ретіндегі сұраулы сөйленімдердің формасы мен коммуникативтік мақсаты сәйкес келмеуі мүмкін.

Жанама мағыналы сұрау мәнді сөйленімдер біринтенционалды және көпинтенционалды болып бөлінеді. Көпинтенционалды жанама сұраулы сөйленімдер сөйлеу актісімен байланысын үзген дәстүрлі құрылым болып табылады. Алайда сөйлеу актісінде өзінің формасында қолданылатын нағыз сөйлеу актісі мен белгілі бір жағдайдағы нақты коммуникативтік мақсатқа сәйкес нақты сөйлеу актісін салыстырып қарастыру керек. Мұндай жағдайда, бір жағынан, осы сөйлеу актілерінің прагматикалық формасын, екінші жағынан, осы сөйлеу актілерінің прагматикалық мазмұнын, яғни олардың іске асырылуына қажетті шарттар жиынтығын,

коммуникативтік мәнін есепке алу керек.

Көпінтенционалды жанама мағыналы сұраулы сөйленімдер негізінен қарым-қатынас өтіп жатқан нақты жағдаяттан бастап, коммуникативті актінің семантикалық және лингвистикалық кешенімен білдірілетін мәдени және әлеуметтік шарттардың жиынтығын қамтитын мәнмәтінмен тығыз байланысты. Мысалы, *Темекіңіз бар ма?* (сұрақ және өтініш); *Мұнда не істеп жүрсің?* (сұрақ және кетуге бұйрық беру). Бұл сөйленімдердің прагматикалық формасы нағыз, бірақ өзекті сөйлеу актісі емес, ал прагматикалық мазмұны нағыз және өзекті болып табылғанымен, нағыз мағынасы бұл мәнмәтінде екінші орынға ығысады.

Бірінтенционалды жанама сөйленімдер стереотип болса, көпінтенционалды жанама сөйленімдер мынадай түрлерге бөлінеді: *модельденетін, құрамды және имплицитивті*.

Ғалым А. Вежбицка сұрақтағы ең басты компонентті былайша көрсетеді: «Я считаю, что главный компонент вопроса выражает «желание» знать, а не желание повлиять на кого-то таким образом, чтобы заставить его сделать так, чтобы мы знали. Это то, что связывает реальные вопросы с вопросами, адресованными самому себе, или так называемыми опосредованными вопросами» (Вежбицкая, 1985: 272). Бұл жерде сұраулардың семантикалық типологиясы мәселесі туындауы мүмкін. Жалпы алғанда, сұрау және сұраулы сөйлемдер типін әртүрлі критерийлерге байланысты жіктеу керек. Мұндай жіктемеде жанама сұраулар тобы ерекше орын алуы керек.

Зерттеуші Е.В. Ерофеева хабарлы немесе сұраулы сөйлемдердің бұйрық мағынасында қолданылуын сөйлеу мақсатын білдірудің «жанама» тәсілі деп атап, мұны бұйрықты сөйлеу мақсатының *пресуппозиция* арқылы білдірілуі деп түсіндіреді (Ерофеева, 2014: 40-41). Ал пресуппозиция сөйлеу жағдаяты қалай өрбитінін анықтауда маңызды қызмет атқаратындықтан, сөйлеу жағдаяты қатысушыларының жалпы пресуппозициясы сөйленімнің коммуникативтік мақсатын тануды және тілдік қатынастың табысты болуын қамтамасыз етеді (Ошакбаева, 2009: 41).

Жалпы пресуппозиция адамдардың өмір туралы аялық білімдерінен құралса, *жеке пресуппозиция* нақты сөйлеу жағдаятына қатысатын коммуниканттардың аялық білімінен құралады. Мәселен, жалпы пресуппозицияларға адамдар түсінігіндегі өмір туралы ақиқаттар, қоршаған дүние туралы түсініктер жатады: құстың ұшатыны, уақыттың бір орнында тұрмайтыны, адам мен хайуанның айырмашылығы және т.б. толып жатқан когнитивтік танымдар. Ал жеке пресуппозицияға нақты коммуникативтік жағдаятқа қатысып отырған адамдардың қатынасына қатысты бір-бірі, алдыңғы жағдаяттар (оқиғалар) туралы білімдер жатады.

Лингвистикалық пресуппозиция тілдегі білім болып табылады. Сондықтан сұрау мәнді сөйлеу актісінде пресуппозициялардың атқаратын рөлі зор. Өйткені ол пресуппозициялар айтылған ойды дұрыс қабылдауға, яғни сұрақты дұрыс түсінуге ықпал етеді. Нақты сөйлеу жағдаятына қатысты пресуппозиция болмаса, кездейсоқ адамдардың арасындағы диалогте сұрау мәнді сөйлеу актісінде коммуникативтік кедергі пайда болады. Мысалы, *Қайсысың барасыңдар?* деген сұрауды пресуппозиция жоқ коммуниканттар ортасына келіп қойсаңыз, *Олар қайда?* деп сұраушыға қарсы сұрақ береді. Ал пресуппозициясы айқын, яғни сөйлеу жағдаятын білетін коммуниканттар сұраққа жауап беріп, баратынын немесе бара алмайтынын айта бастайды. Өйткені бұл коммуниканттар алдындағы жағдаяттан, яғни бір жаққа бару туралы ақпараттан хабардар.

Өтініш, ниет, талап ету, бұйрық және т.б. мағыналарды білдіретін жанама сұраулар сұраулы сөйлемдер жүйесіне тән. Бұл мәселе сұраулы сөйлемдерді семантикалық аспектіде зерттеуге негіз болады. Сондықтан сөйлеу актісі теориясы тұрғысынан зерттеу сұраулы сөйлемдерді түсіндіруде маңызды болады. Сұраулы сөйлемдердің семантикалық қырын, мағыналарының жиынтығын және жалпы мазмұнын сұрауға берілген жауап арқылы зерттеу қажет.

Негізгі бұйыру және қосымша сұрау иллокуциясы әртүрлі перлокутивті әсер тудырады, жауап реакция олардың коммуникативті бағытының әртүрлі екендігін білдіреді. Нақты (қосымша) мағына сұраулы сөйлемнің пропозиционалды мазмұнына байланысты ақпараттық

жауап арқылы анықталады (Шевченко, 1998: 47). Ал пропозиция сөйлеу актісіндегі сөйлеу интенциясынан туындайтын негізгі актуалды мағыналық бөлік болғандықтан, сөйлеу актісінде жарыққа шығатын мағыналық бөліктердің ішіндегі маңызды бөлік тыңдаушының назарын сол ойға аудартады. Мысалы, *Асқар үйіне кеше келді. Кеше үйіне Асқар келді. Кеше Асқар үйіне келді.* Мұнда: актант – Асқар, предикат – келді. Бұл сөйлемдерде негізгі актуалды бөлік предикат алдында тұрған сөзбен байланысты. Бірінші сөйлемде «Асқардың кеше келуі» – пропозиция, екінші сөйлемде «үйіне Асқардың келуі» – пропозиция, үшінші сөйлемде «Асқардың үйіне келуі» – пропозиция.

Сұрау мәнді сөйлеу актісінде пропозицияға сұрауды білдіретін тілдік құралдар қатысады. Мысалы, *Екінті уақыты тәуліктің қай кезеңіне жатады?* дегенде екінті уақытының тәуліктің қай кезеңіне жатуы пропозиция болып тұр. Бұл сөйлеу актісін басқаша да сұрақ мәнді сөйленімдер арқылы түрліше беруге болады. Тәуліктің қай кезеңін екінті уақыты дейміз? Екінті уақыты қай мезгіл? және т.б. Демек, сұраулы сөйлеу актісінде сұраулық мәнді білдіретін тілдік құралдар пропозиция құрылымын құрайды. Ал пропозиция құрамында сұраулық бірліктер болмаса, жарыққа шығатын ойдың сұрау модальдылығын білдіріп тұрғанын тыңдаушы түсінбеген болар еді. Хабарлы сөйлеу актісіндегі пропозициялардан сұрау және бұйрық мәнді сөйлеу актісіндегі пропозициялық құрылым құрамы жинақы боп келеді. Өйткені сұрау мен бұйыру тікелей адресатқа бағытталып, жауап алу, іс-әрекетке қозғау салу сияқты актуалды актіні құрайды.

Жанама сөйлеу актісінде жанама иллюкутивті қызмет біреу ғана болмауы мүмкін. Мысалы, *Сіз терезені ашып бермес пе екенсіз?* деген сұраулы сөйлем, негізгі өтіну мағынасына қармастан, «жок/иә» деген жауап берілуі мүмкіндігіне байланысты, сұрау семантикасын сақтайды. Әдетте жанама сөйлеу актісі сөйлеушінің шынайы ниетіне сәйкес келетін мазмұнда құрылады. Мысалы, жанама бұйрық мағынасы тілек мәнін білдіруі мүмкін: *Кетемісің, жоқ па? Енді қанша тұрасың мұнда?*

Сұрау иллюкутивтілігі сөйлеушінің басқа да мақсаттарымен байланысты болады. Мысалы, *шынымен* (келді ме, солай ма?) сөзі сөйлеушінің сұрауы мен күмәнін білдіреді. Сонымен қатар сұрау формалы сөйленімдер лепті (экспрессивті), болымсыз мағынада түсінілуі мүмкін. Мысалы, *Ғалым дегендерің сол ма?* (ешқандай ғалым емес); *Сенің не шаруаң бар?* (шаруаң болмасын).

Тура сұрауда адамдар арасындағы әлеуметтік қатынастар ескерілмейді. Сұрау төтесінен қойылады, субъектілердің, адресаттың жасы, жынысы, дәрежесі, қызметі, беделі және т.б. ерекшеліктеріне қарамайды. Соған орай айтылымның стильдік бояуы да болмайды. Мысалы: *Бұл тамақты қалай пісіреді? – Бұл тамақты қалай пісіретінін білесіз бе? Ол кісі қашан келеді? – Ол кісінің қашан келетінін білесіз бе не айта аласыз ба?* Демек, тура сұрау – субъектілердің бір-біріне нақты ақпарат алу мақсатында қоятын сұрағы. Тура сұрақтың басты коммуникативтік қызметі ақпарат алу мақсатын көздейді.

Сөйлеу жағдаятынан тура сұрау мен жанама сұраудың ерекшеліктерін талдап көрелік. Мәселен, сіз басқа қалаға іссапармен келдіңіз делік, жұмыс орнына баратын көлікті білмейсіз. Айналаңызда жүрген адамдардан сұрай бастайсыз. Сіздің сұрау қою мәнеріңізге қарай, жауап алу дәрежесін байқай аласыз. Тура қойылған сұраққа бейтаныс адамдар толық, нақты жауап беруі екіталай, олар уақытын кетіріп, түсіндіріп жатқысы келмеуі мүмкін. Ал сол сұрақты екінші бір адамдарға жанамалап, сыпайлап қойсаңыз, сіздің сөйлеу әдебіңізге қарап, адресат та сізге бейімделіп, мәдениетті түрде сұрағыңызға нақты және егжей-тегжейлі түсіндіріп беруге тырысады. Мысалы, *Ұлттық тестілеу орталығы қайда?* (тура сұрақ). *Ұлттық тестілеу орталығы қайда екенін білесіз бе?* немесе *Ұлттық тестілеу орталығы қайда екенін айта аласыз ба?* (жанама сұрақ, өтіну мағынасын білдіреді).

Жанама сұрау сыпайы сұраудың формасы болып табылады. Жанама сұрауды адамдар әдетте бейтаныс адамдармен, әріптестерімен сөйлескенде немесе өзінен үлкен кісілерге құрметтеу, сыпайы сөйлеу мақсатында немесе өтініш жасағанда қояды. Мысалы, өтініш мәнінде: *Осыған жауап берсеңіз екен? Су әкеп бересіз бе? Сіз маған сенбі күні көшуіме көмектесе аласыз ба? Жексенбіде біздің үйге келуге мүмкіндігіңіз бар ма?*

Осы жанама сұрауды тура айтылым формасында беретін болсақ, сұрау, біріншіден, бұйрық

мәнді сөйлемге айналады, екіншіден, адресатқа жағымсыз эмоция тудыруы мүмкін. Мысалы: *Осыған жауап беріңіз. Су әкеп беріңіз. Сіз маған сенбі күні көшуіме көмектесіңіз. Жексенбі күні біздің үйге келіңіз.* Демек, жанама сұрау адамдардың мәдениетін, сөйлеу әдебін, тәрбиесін, білімін, психикасын көрсетеді.

Қазақ тілінде әдетте етістіктер сөйлем соңында келетіні – заңдылық. Алайда жанама сұрау мәнді сөйлеу актісінде сұрауға бағытталған сыпайы конструкциялар нақты қойылатын сұрақтың алдында да келе береді. Мысалы: *Сіз білесіз бе? Мәдениет үйі қайда екен? Сізден сұрасам бола ма? Әуезов театрына қалай барсам екен? Кешіріңіз. Бұл қай жер? Айтып жіберіңізші!* Қанша уақыттан кейін жетер екенбіз?

Нақты сұрақ алдында тұратын мұндай конструкциялар сұрақ қоюшының (адресанттың) жауап берушіні (адресатты) коммуникативтік кедергісіз, ынта қойып жауап беруге дайындау қызметін атқарады.

Жанама сұрақ төмендегідей позицияларда қолданылады:

1) Сыпайыгершілік сақтау. Мысалы, – *Бұл қанша тұрады? – Бұл заттың қанша тұратынын айта аласыз ба? – Бұл заттың қанша тұратынын білуге бола ма?*

– *Бұл нені білдіреді? – Бұның нені білдіретінін айта аласыз ба?*

2) Сұрауды жанамалап жеткізу. Мысалы, *Неге көштің? – Сені неге көшіп кетті деп ойлап қоямын. – Неге көшіп кеткеніңе таңмын. – Неге көшкеніңді білмеймін...*

– *Сіз АҚШ-та болдыңыз ба? – АҚШ-та болған-болмағыныңызды білейін деп едім. – АҚШ-та болған-болмағаныңызды айта аласыз ба? – Мені сіздің АҚШ-та болған-болмағаныңыз қызықтырып тұр.*

3) Сұрауды астарлап қою. Астарлап сұрау қою көбінесе жағдаятпен байланысты көрініс табады. Астарлы сұрау мәнмәтіннен ғана байқалады. Яғни, құрамында сұраулы сөйлем, соған сәйкес сұрақ белгісі болмайды. Мысалы, бір топ қызметкер белгілі мөлшерде жұмыс істеп жатыр. Қызметкерлердің біршамасы жұмыстарын бітіріп, кете бастайды. Жұмысын бітірген тағы бір қызметкер, өте сыпайы адам болса керек, жұмыс берушіден жұмыс уақытынан бұрын кетуге ыңғайсызданып, жұмысының біткені туралы және басқа бітіргендердің кетіп жатқаны туралы: – *«Жұмысын бітіргендер кетіп жатқан сияқты, біз де бітіріп қалдық»,* – дейді. Бұл сөйлеу жағдаяты мен қызметкердің астарлы сөзінен жұмыс берушіге сұрау қойылғаны түсінікті болады. Ол – *Біз де кетсек бола ма?* деген сұрау.

4) Сұрауды күдік мәнде қою. Күдік мәнді сұраулар көбінесе болымсыздық құралдары арқылы беріледі. Яғни болымсыздықты білдіретін тілдік құралдармен келгенде, сұрау мәнді сөйлеу актісінде сұрақ қоюшының күдіктене қойған позициясы байқалады. Мысалы:

– *Сен оны көрмедің бе? Тура сұрақта – Сен оны көрдің бе?* болуы керек еді.

– *Сен оның қашан келетінін білмейсің бе? Тура сұрақ: – Сен оның қашан келетінін білесің бе?*

Жанат. *Жәкем әлі қайтпаған ба?*

Ырысжан. *Оның жұмысы біте ме? (Ғ.Мүсірепов).*

Сұрақ қоюшы-адресант болымсыз етістік формасын қолдану арқылы сұраққа өзінің күдігін білдіреді.

Күдік мән болжалдық тілдік құралдар (деймін, шығар т.б.) арқылы да беріледі. Мысалы:

Бейсен. *Жанатжанды құтты орнына қашан қондырамыз?*

Ырысжан. *Дайындап қойған орның суып бара ма?*

Бейсен. *Соның көңілі Алмада ма деймін?*

Ырысжан. *Кімнің?*

Бейсен. *Жомартты айтам (Ғ.Мұстафин).*

5) Сұрауды ым-ишарат арқылы жеткізу. Ым-ишарат сөйлеу коммуникациясындағы тілдік қатынас жасаудың бір жолы болып табылады. Мұны сөйлеу коммуникациясының «бейвербалды құралдары» деп атайды. Бейвербалды құралдар сөз арқылы жарыққа шығатын ойдың стимуляторы қызметін атқарады. Бейвербалды құралдардың демеуімен айтылған ой тыңдаушыға әсерлі жеткізіледі. Және сөйлеушінің де ойын жеткізудегі сүйенер көмекші құралы болып табылады. Қолын сілтеп сөйлеу арқылы сөйлеуші нейролингвистикалық жүйеден күш алып,

шабыттанады. Демек, бейвербалды құралдар сөйлемнің қай түрінде болмасын, қолданыла алады. Сұрау мәнді сөйлеу актісінде сұрау ым-ишараттары бар. Олар:

- алақан жаю арқылы қайыр сұрау;
- алақан жаю арқылы ақша сұрау;
- алақан жаю арқылы «не болды?», «қайда?» деген сұрақтарды білдіру;
- басты көтере ымдау арқылы сұрау.

6) Баға беру.

Жаппасбай. *Дастарқаныңды жылан жалап кеткен бе, қалай?*

Жаңыл. *Қазір кімнің дастарқаны ырғалып тұр дейсің. Барына мәзір етерсіз.* (Т.Ахтанов).

7) Реніш, қапа болу.

Сенімен дос болған кісі не барқадар табушы еді? Бәтімәнің бет топырағы жасырынбай жатып, «бұл үйдің иесімен, мен» деп, балалардың жүрегіне жара салып отырған сен жыланнан не жақсылық күтуге болады? (М.Әуезов).

8) Бетке басу.

Қайша. *Балалардың үйі жоқ! Бұл – менің үйім, өйтіп бөлішектеме! Дұшпандығың осы емес пе?* (М.Әуезов).

Тура сұрақтың құрамы көбінесе жалаң болып келеді. Бір құрамды да сұрақтар кездеседі. Сұрау мәнді сөйлеу актісінде бір құрамды сұрақтардың кімге, не мақсатта қойылып тұрғанын мәнмәтіннен байқауға болады. Мысалы,

Мұғалім: *Мектепке біраз оқушы жиналды.*

Директор: *Қанша?*

Тура сұрақтар осылайша нақты ақпарат алу үшін қойылатындықтан, құрамы біркұрамды, екікұрамды, үшкұрамды, төрткұрамды болып келеді. Мысалы, *Студенттер университетке нешеге шақырылды? Қаншасы жиналды? Кімдер келген жоқ?* және т.б.

Ал жанама сұрақтар сыпайыгершілік сақтауды, жанамалап жеткізуді көздейтіндіктен, құрамында сұрауды жеткізетін модальдық құралдары қосылады да, жанама сұрақтың құрамы жайылыңқы болып келеді.

Жанама сұрақта сөйлеуші-адресанттың (сұрақ қоюшы) модальды прагматикасы сұрақпен бірге жүреді. Осы тұрғыдан жанама сұрақ ирреалды модальдылықпен байланысады. Яғни, сөйлеушінің әрекетке, сұрауға көзқарасы көрінеді. Ал тура сұрақ объективті модальдылықпен байланысты. Сөйлеушінің, сұрақ қоюшының субъективтік көзқарасы аса көрінбейді.

Тура сұрау мен жанама сұрау мәнді сөйлеу актісінде перлокутивтік прагматика екі түрлі сипатта көрінеді. Тура сұрақта сұрақ нақты қойылғандықтан, жауапта тез әрі қысқа, нұсқа алынады. Ал жанама сұрақ сыпайы сөйлеуге құрылатындықтан, жауаптың ынтамен, барынша, жан-жақты берілуіне әсер етеді.

Тіл білімінде «постпозиция» ұғымы сөйлеу актісі орындалғаннан кейінгі, яғни ой жарыққа шыққаннан кейінгі жағдаяттарды білдіреді және сұрау мәнді сөйлеу актісінде постпозиция сұрау әсерінен болған сөйлеу актісінің перлокутивтік прагматикасын құрайды. Жауап алуға бағытталған сұрау мәнді сөйлеу актісінде постпозиция жауап беру, іс-әрекетке көшу сияқты түрткіжайттармен сипатталады. Қойылған сұрақ жауапсыз қалмайды (жауапсыз постпозицияның өзі сұрауға деген қандай да бір қатынасты (реакцияны) білдіреді), белгісіз белгіліге айналады, ой тасталады, тапсырма талап етіледі, әрекетке қозғау салынады (Кошикбаева, 2023: 172-176). Демек, тура сұраудың да, жанама сұраудың да пропозициялық құрылымында сұрауға бағытталған прагматикалық мән болады, яғни сұрау актісі арқылы жүзеге асырылған әрекеттер постпозицияда көрініс табады.

Түйіндей келсек, сұраулы сөйлемдердің тура мағынасы (негізгі қызметі) сөйлеушінің тыңдаушы(лар)дан қандай да бір ақпарат алу болса, жанама мағынасы (қосымша қызметі) сан алуан болып келеді. Тура сұрау мәнді сөйлеу актісінде иллюкутивті әсер сөйленімнің тура мағынасы арқылы білдірілсе, жанама сұрау мәнді сөйлеу актілерінде тілдік бірліктер ауыспалы мағынасында қолданылып, сөйлеуші мен тыңдаушы өздерінің аялық білімі және қарым-қатынас шарттары арқылы түсініседі. Сөйлеу барысында жанама мағыналы сұрау мәнді сөйленімдер көп қолданылады және олардың бұл «қасиеті» өздерінің «тілдік мағыналарының сыйымдылығына»

және қолданыстағы прагматикалық мағынасына байланысты болады. Сонымен қатар жанама мағыналы сұрау мәнді сөйлеу актісі тілдің көркемдік әлеуетін кеңейтіп, әртүрлі мағыналық реңктерді білдіруге мүмкіндік береді.

Қорытынды

Сұраулы сөйлемдердің тура мағынасы *жауап алу* болса, жанама сұрақтар *сыпайыгершілік сақтау, сұрауды жанамалап жеткізу, сұрауды астарлап қою, сұрауды күдік мәнде қою, сұрауды ым-шарат арқылы жеткізу, баға беру, реніш, қапа болу, бетке басу* сияқты қызметте жұмсалады. Тура сұрау мәнді сөйлеу актісінде иллокутивті әсер сөйленімді құрайтын тілдік құралдардың лингвистикалық мағынасы арқылы білдірілсе, жанама сұрау мәнді сөйлеу актілерінің перлокутивтік прагматикасы тілдік бірліктердің ауыспалы мағынада қолданылуына, сөйлеуші мен тыңдаушының аялық білімі және қарым-қатынас шарттарына байланысты болады. Сонымен қатар жанама сұрау мәнді сөйлеу актісі тілдің көркемдік әлеуетін күшейтіп, әртүрлі мағыналық реңктерді білдіруге мүмкіндік береді.

Тура сұрауда сұрақ төтесінен қойылады, сөйлеуші мен адресат(тар) арасындағы әлеуметтік қатынастар – жасы, жынысы, дәрежесі, қызметі, беделі және т.б. ескерілмейді. Соған орай айтылымның стильдік бояуы да болмайды.

Жанама сұрау сыпайы сұраудың формасы болып табылады. Жанама сұрауды адамдар әдетте бейтаныс адамдармен, әріптестерімен сөйлескенде немесе өзінен үлкен кісілерге құрметтеу, сыпайы сөйлеу мақсатында немесе өтініш жасағанда қояды. Демек, жанама сұрау адамдардың мәдениетін, сөйлеу әдебін, тәрбиесін, білімін, психикасын көрсетеді.

Жанама сұрақта сөйлеуші-адресанттың (сұрақ қоюшы) модальды прагматикасы сұрақпен бірге жүреді. Осы тұрғыдан жанама сұрақ ирреалды модальдылықпен байланысады. Яғни сөйлеушінің әрекетке, сұрауға көзқарасы көрінеді. Ал тура сұрақ объективті модальдылықпен байланысты болады да, сөйлеушінің субъективтік көзқарасы аса көрінбейді.

Сұрау мәнді сөйленімдердің тура және жанама мағыналарын айқындау функционалды-коммуникативтік грамматика және прагмалингвистика салаларының ғылыми-теориялық және практикалық жетістіктерін толықтыра түседі және қазақ тілінің грамматикасын оқытуды жеңілдетуге ықпалын тигізеді деп санаймыз.

Әдебиеттер

- Anscombe J.-C., Ducrot O. L'argumentation dans la langue. Philosophie et langage. – Bruxelles: P. Mardaga, 1983. – 184 p.
- Austin J.L. How to do things with words. The William James Lectures delivered at Harvard University in 1955. – Oxford: Clarendon Press, 1962. – 166 p.
- Davison A. Indirect Speech Acts and What to Do with Them. // Syntax and Semantics. – Vol. 3. – Speech Acts. N.Y., 1975. – P. 142-185.
- Wunderlich D. Studien zur Sprechakttheorie / D. Wunderlich. – Frankfurt/M.: Suhrkamp, 1976. – 416 s.
- Searle J. Indirect Speech Acts // Syntax and Semantics. – Vol. 3. Speech Acts. – N.Y., etc.: Academic Press, 1975. – P. 59-82.
- Shehdeh Fareh, Maher Bin Moussa. Pragmatic Functions of Interrogative Sentences in English: A Corpus-based Study. International Journal of Arabic-English Studies (IAES) Vol. 9, 2008. – P. 145-164.
- Вежбицка А. Речевые акты // Новое в зарубежной лингвистике. – Вып. 358: Лингвистическая прагматика. – М.: Прогресс, 1985. – С. 251-275.
- Гак В.Г. Языковые преобразования. – М., 1998. – 763 с.
- Гальперин И. Р. Текст как объект лингвистического исследования // Отв. ред. Г.В. Степанов. Изд-е 6-е. – М.: URSS, 2008. – 137 с.
- Дементьев В.В. Непрямая коммуникация. – М.: Гнозис, 2006. – 376 с.
- Ерофеева Е.В. Прагматические аспекты речевых актов различной коммуникативной направленности в современном французском языке. Монография / Е. В. Ерофеева; ФГБОУ ВПО «Урал. гос. пед. ун-т». – Екатеринбург, 2014. – 287 с.
- Конрад Р. Вопросительные предложения как косвенные речевые акты // Новое в зарубежной лингвистике. – Вып. XVI: Лингвистическая прагматика. – М., 1986. – С. 349-384.
- Кошикбаева Г.Д., Еликбаев Б.К., Ыбырайым А.О. Сұрау мәнді сөйлеу актісіндегі пропозиция, пресуппозиция және постпозиция // «Отандық тілтаным дамуының құрылымдық, коммуникативтік, антропоэзеттік модустары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2023. – 172-176-бб.
- Ошакбаева Ж.Б. Прагматическая составляющая языковой компетенции во втором языке: дисс. ... канд. филол.

наук: 10.02.19 – теория языка. – Алматы, 2009. – 154 с.

Почепцов Г.Г. Теория коммуникации. – М.: «Рефл-бук», К.: «Ваклер», 2001. – 466 с.

Почепцов О.Г. Основы прагматического описания предложения. – Киев: Вища школа, 1986. – 116 с.

Серль Дж.Р. Косвенные речевые акты // Новое в зарубежной лингвистике. – Вып. 17: Теория речевых актов. – М.: Прогресс, 1986. – С. 195-222.

Стернин И.А. Введение в речевое воздействие. – Воронеж, 2011. – 227 с.

Шевченко И.С. Историческая динамика прагматики предложения: английское вопросительное предложение 16-20 вв.: Монография. – Харьков: Константа, 1998. – 168 с.

References

Anscombe J.-C., Ducrot O. L'argumentation dans la langue. Philosophie et langage. – Bruxelles: P. Mardaga, 1983. – 184 p. (in France)

Austin J.L. How to do things with words. The William James Lectures delivered at Harvard University in 1955. – Oxford: Clarendon Press, 1962. – 166 p. (in English)

Davison A. Indirect Speech Acts and What to Do with Them. – Syntax and Semantics. – Vol. 3. – Speech Acts. N.Y., 1975. – P. 142-185. (in English)

Wunderlich D. Studien zur Sprechakttheorie / D. Wunderlich. – Frankfurt/ M.: Suhrkamp, 1976. – 416 s. (in German)

Searle J. Indirect Speech Acts. – Syntax and Semantics. – Vol. 3. Speech Acts. – N.Y., etc.: Academic Press, 1975. – P. 59-82. (in English)

Shehdeh Fareh, Maher Bin Moussa. Pragmatic Functions of Interrogative Sentences in English: A Corpus-based Study. International Journal of Arabic-English Studies (IJAES) Vol. 9, 2008. – P. 145-164.

Vezhbicka A., Rechevye akty. – Novoe v zarubezhnoi lingvistike. – Vyp. 358: Lingvisticheskaja pragmatika. – M.: Ptogress, 1985. – S. 251-275. [Vezhbicka A. Speech acts. – New in foreign linguistics. – Issue 358: Linguistic Pragmatics. – Moscow: Progress, 1985. – P. 251-275] (in Russian)

Gak V.G. Iazykovye preobrazovania. – M., 1998. – 763 s. [Gak V.G. Language transformations. – M., 1998. – 763 p.] (in Russian)

Galperin I.R. Tekst kak obekt lingvisticheskogo issledovania / Otv.red. G.V. Stepanov. Izd-e 6-e. – M.: URSS, 2008. – 137 s. [Galperin I. R. Text as an object of linguistic research / Ed. G.V. Stepanov. Ed. 6-E. – M.: URSS, 2008. – 137 p.] (in Russian)

Dementev V.V. Nepriamaia kommunikatsia. – M.: Gnosis, 2006. – 376 s. [Dementev V.V. Indirect communication. – M.: Gnosis, 2006. – 376 p.] (in Russian)

Erofeeva E.V. Pragmaticheskie aspekty rechevyh aktov razlichnoi kommunikativnoi napravlenosti v sovremennom frantsuzskom iazyke. Monografia / E. V. Erofeeva; FGBOU VPO «Ural. gos. ped. Un-t». – Ekaterinburg, 2014. – 287 s. [Erofeeva E.V. Pragmatic aspects of speech acts of various communicative orientation in the modern French language. Monograph / E. V. Erofeeva; FGBOU VPO «Ural. gos. ped. un-t». – Yekaterinburg, 2014. – 287 s.] (in Russian)

Конрад Р. Voprositelnye predlozhenia kak kosvennyye rechevye akte. – Novoe v zarubezhnoi lingvistike. – Vyp. XVI: Lingvisticheskaja pragmatika. – M., 1986. – S. 349-384. [Konrad R. Interrogative sentences as indirect speech acts. – New in foreign linguistics. – Issue XVI: Linguistic pragmatics. – M., 1986. – P. 349-384] (in Russian)

Koshikbaeva G.D., Elikbayev B.K., Ybyraim A.O. Surau mandi soileu aktisindegi propozitsia, presuppozitsia zhane postpozitsia. – «Orandyq tiltanyam damuynun qurylymdyq, kommunikativtik, antropoozektik modustary» anny qalyqaralyq gylymi-teorialyq konferensia materialdary. – Almaty 2023. – 172-176-bb. [Koshikbaeva G.D., Elikbayev B.K., Abraham A.O. Propositions, presuppositions and postpositions in the act of interrogative speech. – Materials of the international scientific and theoretical conference «Structural, communicative, anthropospecific modes of development of domestic linguistics». – Almaty, 2023. – P. 172-176.] (in Kazakh)

Oshaqbaeva Zh.B. Pragmaticheskaja sostavliaiuchaia iazykovoi kompetentsii vo vtrom iazyke: Diss. ... kand. philol. Nauk: 10.02.19 – teoria iazyka. – Almaty, 2009. – 154 s. [Oshakbaeva Zh. B. Pragmatic language competence in the second language: Diss. ... kand. philol. Nauk: 10.02.19 – theory language. – Almaty, 2009. – 154 p.] (in Russian)

Pochepstov G.G. Teoria kommunikatsii. – M.: «Refl-buk», K.: «Vakler», 2001. – 466 s. [Pochepstov G.G. Theory of communication. – M.: «Refl-buk», K.: «Vakler», 2001. – 466 p.] (in Russian)

Pochepstov G.G. Osnovy pragmaticheskogo opisania predlozhenia. – Kiev: Vishcha shkola, 1986. – 116 s. [Pochepstov O.G. Fundamentals of the pragmatic description of the proposal. – Kiev: Vishcha shkola, 1986. – 116 p.] (in Russian)

Serl J.R. Kosvennyye rechevye akty. – Novoe v zarubezhnoi lingvistike. – Vyp. 17: Teoria rechevyh aktov. – M.: Ptogress, 1985. – S. 251-275. [Serl J.R. Indirect speech acts. – New in foreign linguistics. – Issue 17: Theory of speech acts. – M.: Progress, 1986. – P. 195-222] (in Russian)

Sternin I.A. Vvedenie v rechevoe vozdeisrvie. – Voronezh, 2011. – 227 s. [Sternin I.A. Introduction to speech influence. – Voronezh, 2011. – 227 p.] (in Russian)

Shevchenko I.S. Istoricheskaja dinamika pragmatiki predlozhenia: angliiskoe voprositelnoe predlozhenie 16-20 vv. Monografia. – Harkov: Konstant, 1998. – 168 s. [Shevchenko I.S. Historical dynamics of Sentence Pragmatics: English Interrogative sentence of the 16th-20th centuries: Monograph. – Kharkiv: Constant, 1998. – 168 p.] (in Russian)